

**Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Сауда өкілдігі туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 қаңтардағы N 58 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 шілдедегі № 1011 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.07.31 № 1011 (2012.08.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

**Ескерту. Тақырыбы өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.01.21. N 58 қаулысымен .**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Сауда өкілдіктерін өзара тағайындау туралы келісімге сәйкес және Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы сыртқы сауда мүдделерін білдіруді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Сауда өкілдігі туралы ереже бекітілсін. <\*>

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.21. N 58 қаулысымен .**

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 20 қаңтардағы

N 58 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы сауда өкілдігі туралы  
ЕРЕЖЕ**

**Ескерту. Тақырыбы өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.01.21. N 58 қаулысымен .**

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Сауда өкілдігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан әрекет ететін және Қазақстан Республикасының сауда-экономикалық қызмет саласындағы құқықтарын шет елдерде жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме болып табылады. <\*>

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.21. N 58 қаулысымен .**

2. Қазақстан Республикасының Сауда өкілдігі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын , халықаралық шарттарды , Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдерін, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді , сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады. <\*>

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.21. N 58 қаулысымен .**

3. Қазақстан Республикасының Сауда өкілдігі заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының мемлекеттік тілдерінде өз атауы бар мөрі мен мөртабаны, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ банктерде шоттары болады. <\*>

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.21. N 58 қаулысымен .**

4. Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясында Сауда өкілдігі (бұдан әрі - Сауда өкілдігі) өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі. <\*>

Сауда өкілдігі егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оған уәкілеттік берілген болса, Қазақстан Республикасының атынан азаматтық-құқықтық қатынастар тарабы ретінде түсуге құқылы.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.21. N 58 қаулысымен .**

5. Сауда өкілдігі міндеттемелер бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі жауапты болады .

Сауда өкілдігі сыртқы сауда қызметінің қазақстандық қатысушыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал сыртқы сауда қызметінің қазақстандық қатысушылары Сауда өкілдігінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

6. Сауда өкілдігі өз қызметінде Қазақстан Республикасының сауда саласында уәкілетті мемлекеттік органына есеп береді.

Қазақстан Республикасының сауда саласындағы уәкілетті мемлекеттік органы шет елдегі Сауда өкілінің қызметіне жалпы басшылықты және бақылауды, сондай-ақ оны кадрлық қамтамасыз ету мен қаржыландыруды жүзеге асырады.

7. Министрліктер, ведомстволар, мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер Ресей Федерациясындағы өздерінің сыртқы сауда мүдделерін білдіруді тек Сауда өкілдігі арқылы жүзеге асырады.

Сыртқы сауда қызметіне қатысатын өзге шаруашылық субъектілері - Қазақстан Республикасының резиденттері, қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасының сауда саласындағы уәкілетті мемлекеттік органымен келісім бойынша Сауда өкілдігі құрамындағы немесе жанындағы жұмыстар үшін өз өкілдерін өз қаражаттары есебін іссапарға жіберу жолымен өз сыртқы сауда мүдделерін білдіруді қамтамасыз етеді.

## **2. Сауда өкілдігінің негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары**

8. Сауда өкілдігінің негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды дамытуға және кеңейтуге жәрдемдесу;

2) сыртқы сауда-экономикалық қызметтің барлық мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүдделерін Ресей Федерациясында білдіру және оларды қорғауды қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, ұлттық компаниялар мен өзге ұйымдардың, жеке кәсіпкерлердің (бұдан әрі - сыртқы сауда қызметінің қазақстандық қатысушылары) Ресей Федерациясындағы сыртқы сауда қызметін қорғауға жан-жақты жәрдем көрсету және экономикалық мүдделерін қорғау;

4) Ресей Федерациясындағы сыртқы сауда қызметінің заңнамасы мен жағдайлары туралы Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын хабардар ету, сондай-ақ өз елі туралы мұндай ақпаратты Ресей Федерациясының мүдделі мемлекеттік органдарына және іскер топтарға ұсыну;

5) Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасында жасалған сауда-экономикалық байланыстарды дамыту және кеңейту мәселелері жөніндегі екі жақты шарттардың орындалуы мониторингі.

9. Сауда өкілдігі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Ресей Федерациясында Қазақстан Республикасының сыртқы сауда саясатын іске асыруға қатысады;

2) жалпы сауда-экономикалық ахуалды және оның Ресей Федерациясында дамуының негізгі үрдістерін, олардың сыртқы сауда байланыстарын, сыртқы сауда қызметі саласындағы заңнаманы, тауарлар мен қызмет көрсету рыногының конъюнктурасын, сондай-ақ осы мемлекеттермен сыртқы экономикалық байланыстың басқа да ерекшеліктерін зерделейді, осы мәселелер жөнінде

Қазақстан Республикасының сауда саласындағы уәкілетті мемлекеттік органын және қажет болған жағдайда сыртқы сауда қызметінің қазақстандық қатысушыларын хабардар етеді;

3) Ресей Федерациясының мемлекеттік органдарын және іскер топтарын Қазақстан Республикасындағы сауда-экономикалық қызметтің заңнамасы мен жағдайлары туралы хабардар етеді;

4) сыртқы сауда қызметінің қазақстандық қатысушыларынан олардың Ресей Федерациясындағы сыртқы сауда қызметінің мәселелерін шешу үшін қажетті құжаттарды, анықтамалық және өзге де материалдарды белгіленген тәртіппен алады, сондай-ақ сыртқы сауда қызметінің қазақстандық қатысушыларына қажетті ақпараттарды береді;

5) Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясымен сыртқы сауда құрылымын дамытуға бағытталған жұмысты жүргізеді;

6) сыртқы сауда қызметіне қазақстандық қатысушыларының Ресей Федерациясында Қазақстан Республикасының сыртқы сауда қызметі саласындағы мемлекеттік мүдделері мен заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

7) Ресей Федерациясындағы сыртқы сауда қызметіне қазақстандық қатысушылардың сауда-экономикалық ынтымақтастық орнатуына, келіссөздер жүргізуіне, оның ішінде Қазақстан Республикасының экспортқа бағдарланған өнімдерін сыртқы рынокқа жылжыту мақсатында сыртқы сауда мәмілелерін жасасуға және орындауға жәрдем көрсетеді;

8) сыртқы сауда ынтымақтастығы мәселелері жөніндегі үкіметаралық комиссиялар мен комитеттердің, халықаралық сауда және экономикалық ұйымдардың және олардың жұмыс органдарының Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясымен сыртқы сауда ынтымақтастығына қатысты бөлігінің жұмысына қатысады;

9) Қазақстан Республикасының сауда көрмелері мен жәрмеңкелерін өткізуге, сыртқы сауда қызметінің қазақстандық қатысушыларын халықаралық көрмелерге және жәрмеңкелерге, сондай-ақ Ресей Федерациясындағы өзге де мамандандырылған іс-шараларға тартуға жәрдемдеседі;

10) Ресей Федерациясының мемлекеттік органдары мен іскер топтарын Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін халықаралық көрмелерге және жәрмеңкелерге қатысуға тарту жөнінде жұмыс жүргізеді;

11) Үкіметтің шешімі бойынша Ресей Федерациясында орналасқан заңды тұлғалардың мемлекеттік үлестері мен акцияларының пакеттеріне иелік етеді және пайдаланады;

12) заңнамаға сәйкес өзге де функциялар.

### **3. Сауда өкілдігінің мүлкі**

10. Сауда өкілдігінің мүлкі оған мемлекет берген мүлік есебінен құрылады және ол негізгі қорлар мен айналымдық құралдардан, сондай-ақ құны Сауда өкілдігінің теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

Сауда өкілдігіне бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

Сауда өкілдігінің бекітілген мүлікті дербес иелігінен шығаруға немесе өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

### **4. Сауда өкілдігінің қызметін ұйымдастыру**

11. Сауда өкілдігіне Қазақстан Республикасының сауда саласындағы уәкілетті мемлекеттік органының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын Қазақстан Республикасының Сауда өкілі басшылық жасайды.

Сауда өкілінің орынбасарын және Сауда өкілдігінің өзге де қызметкерлерін Сауда өкілінің ұсынуы бойынша сауда саласындағы уәкілетті орталық атқарушы органның бірінші басшысы тағайындайды.

12. Қазақстан Республикасының Сауда өкілі Сауда өкілдігінің жұмысына тікелей басшылық жасайды, Сауда өкілдігіне жүктелген міндеттердің орындалуы және оның функцияларын жүзеге асыруына жеке жауап береді.

### **5. Сауда өкілдігін қайта ұйымдастыру және тарату**

13. Сауда өкілдігін қайта ұйымдастыру және тарату Ресей Федерациясының тиісті органдарын хабарландыра отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде жүзеге асырылады.